

«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Қамқоршылық кеңесі

Хаттама №1

Қатысты: 13 адам

Қатысушылар: мектеп директоры, директордың орынбасарлары, психологтар, қамқоршылық кеңес мүшелері, ата-аналар комитетінің төрағасы, мектептің кәсіподақ комитетінің төрағасы, Еңбек негізгі мектебінің директоры.

27.08.2021ж

Күн тәртібінде:

1. Тұрмыстық жағдайы нашар отбасымен, қиын өмірлік жағдайға тап болған балалармен және жасөспірімдермен жұмыс, оларға жеке көмек көрсету.
2. Оқушыларды тегін ыстық тамақпен және жаппай оқумен қамту қорынан көмек көрсетумен қамтамасыз ету.
3. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізгі ережелерін түсіндіру.
4. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің 13.07.2020 №296 бұйрығы бойынша міндетті мектеп формасына қойылатын бірыңғай талап туралы.

Тыңдалды:

1. Бірінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Салқынбаева А.А.. Ол өмірлік қиын жағдайға тап болған тұрмысы нашар отбасыларымен, балалармен, жасөспірімдермен жұмыс жасау және оларға жеке көмек көрсету туралы айтты. Киім және оқу құралдары, азық-түлікпен 3 мұқтаж отбасына көмек көрсетілді. Сондай-ақ жағдайы төмен 7 отбасыға көмек берілді.

Қабылданған қаулы. Хабарды мәліметке алу.

2. Екінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мырзахан Қайратгул тыңдалды. Жаппай оқумен қамту қорынан бөлінген тегін ыстық тамақпен тамақтануға оқушылардың құқығы сақталды. Оқу жылының басында тегін ыстық тамақпен 153 оқушы қамтылды, оның ішінде 74 оқушы аз қамтылған отбасынан, қамқорлықтағы балалар қамтылды. Жаппай оқумен қамту қорынан

ыстық тегін тамаққа күніне бір балаға 750 теңге бөлінеді. Сонымен бірге 80 оқушы жаппай оқумен қамту қорынан мектеп формасы, спорт киім, оқу -құрал жабдықтарымен көмек алды.

Қабылданған қаулы. Хабарды мәліметке алу.

3. Үшінші сұрақ бойынша мектеп директоры Б.Г. Исатаева тыңдалды. Ата-аналарға ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының негізгі ережелерін түсіндірді. Ерекше назар аударуды сұрады:
 1. Мектеп пен сыныптың әртүрлі қажеттіліктеріне заңсыз ақша жинауға жол бермеу.
 2. Ақылы мәдени шараларды ұйымдастыру кезінде еріктілік принципін сақтау.
 3. Мектептегі іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қаражат жинауға жол бермеу.

Қабылданған қаулы. Хабарды мәліметке алу.














4. Төртінші сұрақ бойынша мектеп директоры Исатаева Б.Г. 2020 жылғы 13 шілдедегі ҚР Білім және Ғылым Министрілігінің №296 бұйрығымен таныстырды. Мектепте 2018 жылдан бастап 1-11 сынып оқушыларының барлығы ҚР Білім және Ғылым Министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген бірыңғай мектеп формасы талаптарын сақтайды, 14-тармақшаға сәйкес. ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңның 5-бабының және мектеп жарғысына сәйкес: мектепке қатаң түрде классикалық үлгідегі мектеп формасымен келуге, қыздарға: ақ блузка, шалбар, белдемше классикалық стильдегі, қара көк түсті. Ұлдарға: ақ немесе ақшыл түсті жейде, классикалық стильдегі костюм, шалбар, галстук қара көк түсті, бірақ ҚР Білім және Ғылым Министрілігінің 2020 жылғы 13 шілдедегі №296 бұйрығының 28-тармағы негізінде «Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған жағдайда төтенше жағдай, әлеуметтік төтенше жағдайлардың туындауы, табиғи және жасанды сипат, форс-мажорлық жағдайларда ата-аналар балаларды іскерлік және классикалық стильдегі ыңғайлы киіммен қамтамасыз етеді. Шектеулі шаралар жойылғанға, төтенше жағдай, форс-мажорлық жағдайлар тоқтатылғанға дейін балалар білім беру ұйымдарына бара алады.

Қабылданған қаулы. Хабарды мәліметке алу.

Шешім:

1. Тұрмысы нашар отбасыларға, қиын өмірлік жағдайда қалған балаларға көмек көрсетуді жалғастыру.
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына ыстық тегін тамақты қатаң бақылауға алу.

3. Ата-аналар комитетінің төрағаларын, ата-аналар жиналысында ата-аналарды «Сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайлардың алдын алу туралы» бұйрығымен таныстырып, колдарын жинау.
4. Ата-аналарға балаларын шектеу шаралары жойылғанға, төтенше жағдай аяқталғанға дейін, форс-мажорлық жағдайларға дейін мектепке бара алатын іскерлік, классикалық стильдегі ыңғайлы киіммен камтамасыз етуге рұқсат беру.

Қамқорлық кеңесінің төрайымы:		Хашабай Жазира
Қамқорлық кеңесінің хатшысы:		Байсалхан Ә.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Саркулаков Ө.Т.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Ильяс М.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Кожиков С.К.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Байтасов К.Х.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Шевченко Н.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Муталив Н.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Мухы К.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Ахмет Х.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Депутат К.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Камес Р.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Аханова А.